

ғылымы докторының дисс. – Алматы, 1997. – 474 б.

6 Қосыбаев А.С. Торайғыров дәстүрлі қазақ қоғамы туралы // Изденіс. Гуманит. ғыл. сериясы. – 2009. – № 3. – 122-127 б.

7 Нұрпейісов Т.Ә. Қазақ ауылының әлеуметтік өмірінің кейбір мәселелері (XIX ғ. екінші жартысы – XX ғ. басы). // Отан тарихы. – 2006. – № 2. – 83-89 б.

8 Кузембайұлы А., Абиль Е. История Казахстана. – СПб: Соларт, 2004. – 420 с.

### Резюме

*В данной статье рассматривается история одной из социальных групп казахского общества «бай». Освещается роль социальной группы «бай» в казахском обществе.*

### Conclusion

*In this article is reviews the history of one of the social groups of Kazakh society such as «bai». The role of social group of «bai» in kazakh society is shown.*

## Ә. НҰРПЕЙІСОВ ПЕН Ә. КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ «ҒАЛАМНЫҢ ТІЛДІК БЕЙНЕСІ»

Салықова Ә.Д.

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғаннан бері жан-жақты қарқынды дами бастауы, өз тарихының зерттелмей жатқан беттерін түсіндіруге, зерделеуге жол ашты.

Қазіргі қазақ тіл білімі өзінің дамуында жаңа бағытты басынан өткеріп отыр. Тілді психолінгвистикалық, когнитивтік тұрғыдан қарастыру арқылы тілші ғалымдар тілдік бірліктердің антропоцентристік сипатын ашуға мүмкіндік алды. Бұл орайда ономаст ғалым Б. Тілеубердиев былай дейді: «Когнитивтік лингвистика жалқы есімдерді зерттеуде жаңа бағыттарға жол ашады, бұл бұған дейінгі этнолінгвистикалық, дәстүрлі, жүйелі-құрылымдық, лингвомәдениеттанымдық, әлеуметтік лингвистикалық парадигмаларды жоққа шығармайды, қайта, керісінше, ономастикалық процестерді жаңа тұрғыдан көрсету мен ұғынуға ұмтылыс жасайды» [1, 5].

Когнитивтік лингвистикада алғаш рет қарастырыла бастаған «Тілдік тұлға» мәселесі қазақ тіл білімінде де кеңінен зерттеліп, сөз бола бастады. «Тілдік тұлға» ақынның немесе жазушының өз образы [Қ. Жұмалиев] мәселесінде әдебиет тұрғысынан және тілдік тұрғыдан зерттеліп келеді. Мысалы: Сыздық Р. «Абай шығармаларының тілі». – А., 1968; Жанпейісов Е. «М. Әуезовтың «Абай жолы эпопеясының тілі». – А., 1976. Бұл іргелі зерттеулерде белгілі бір суреткер тілінің жалпы сипаты мен шығармашылық ерекшелігі сөз байлығы, көріктеу амал-тәсілдерін шебер қолданудың тілдік көріністері (метафора, теңеу, эпитет, т.б.), стильдік қолданыс ерекшеліктері шығарма тілінің құрылымдылық жүйесіне сүйеніп жасалған еді. Ал, осы дәстүрлі линг-

вистика негізінде одан әрі даму үстіндегі қазіргі тіл білімінің антропоцентристік бағыты негізгі назарды сол шығарманы жазушының жанына, танымдық (шығармашылық) болмысына аударады да, тілді соның нәтижесі, көрінісі деп қарайды. Осымен байланысты қазақ тіл біліміндегі Ф. Қожахметова, А. Әмірбекова, Ш. Ниятова, т.б. зерттеулерін атап өтуге болады.

«Тілдік тұлға» мәселесіндегі басты ерекшелік тұлғаның (личность) жай саналы адам (гомо сапиенс) аумағынан өзінің тілдік ерекшелігі арқылы кең көлемде айтылып жүргендігі. Кез-келген жеке тұлға өзінің тілдік емес басқа қасиеттерімен жұртқа танылғанымен, тілдік тұлға бола алмайды. Оның басты себебі, жеке тұлғаның тіл қаруымен қаруланбауында жатыр. Мысалы, Қажымұқан қазақ халқының ұлы перзенті болғанымен тілдік тұлға ретінде қабылданбайды, ал Махамбет Өтемісұлының дара тұлғасы оның өр де, азаттық рухына сәйкес көркем тілімен сабақтасып, өзіндік ерекше тілдік тұлғасын танытады.

Демек, «Тілдік тұлға» дегеніміз – тұлғаның айтқан сөздері, шығарған өлең-жырларының, жазған мақалаларының ел есінде мәңгі қалуы. Академик В.В. Виноградов тілдік тұлғаны екіге бөліп зерттеген: автор тұлғасы және кейіпкер тұлғасы [1, 15].

Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген түрі, сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілін зерттеудің арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды-семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз. Осыған сүйенген ғалымдар тіл-

дік тұлға көп қабатты және көп компонентті құрылымнан тұратын жүйе деп есептейді. Ю.Н. Караулов тілдік тұлғаны үш құрылымдық деңгейден тұрады деп санайтыны белгілі:

1. Вербалды-семантикалық деңгей.
2. Когнитивтік деңгей.
3. Прагматикалық (мотивациялық) деңгей [3, 36].

Вербалды-семантикалық деңгейде тілдік тұлғаның күнделікті дәстүрлі тілді меңгеру деңгейі анықталады. Бұл деңгейге автордың өзіндік сөз қолданысы, әртүрлі образдар көрінісінің қолданылу дәрежесі, тілдік тәсілдердің сонылығы, түр жаңалығы, семалар ерекшеліктері енеді. Бұл тілдік тұлғаның бастапқы таным көрінісін ашатын деңгей болғандықтан, ол кейде *нөлдік деңгей* деп те аталып, тілдік тұлғаның тілді қолдану ерекшелігі басым түрде әңгіме болады. Қ. Жаманбаева «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» еңбегінде А. Байтұрсынұлы көрсеткен тіл толғау шарттарын осы деңгейге енгізеді: 1. Сөз дұрыстығы. 2. Сөйлемдерді орайластырып, құрмаластыру. 3. Тіл анықтығы. 4. Тіл дәлдігі. 5. Тіл көрнектігі [4, 19]. Бұл деңгейде, әсіресе, жекелік метафора мен мақалдар, қанатты сөздер, фразеологизмдер ерекшелігін қарастырған жөн.

Кез-келген тілдік құбылыс, тілдік даралық мәтін арқылы танылатыны белгілі. Әрбір көркем мәтін дүниені тану мен ұйымдастырудың индивидуалды-авторлық концепциясын танытады. Автордың дүние туралы ұғымы, білімі көркем мәтін арқылы белгілі бір танымдық жүйе түрінде адресатқа беріледі. Сонда көркем мәтінде дүниені концептуализациялау, бір жағынан, дүние бейнесін құрудың (дүние моделін жасаудың) әмбебап заңдылықтарына бағынса, екінші жағынан, жеке-дара, тіпті қайталанбайтын қиялдағы идеялардың табиғатын танытуға ат салысады. Дүниенің концептуалдық бейнесінің (суретінің) екі жағы – индивидуалды және әмбебап сипаты бір-бірімен барлық уақытта сәйкесе бермеуі, тіпті мүлде сәйкеспеуі мүмкін. Сондықтан көркем мәтінге концептуалды талдау жасау: біріншіден, мәтіндегі кілт сөздерді табу, екіншіден, мәтіннің семантикалық кеңістігіндегі базалық концептілерді анықтау, үшіншіден, базалық концептілер арқылы танылған концептуалдық кеңістікті сипаттау түрінде жүргізілуі тиіс.

*Дискурс* орыс тілінде «речь» деген ұғымды береді, сонымен бірге, *мәтін* ұғымының синонимі іспеттес қолданылады. Қазақ тіл білімінде Р.Қ. Бөкейханова дискурса дәл анықта-

ма береді. Біз *дискурсты* осы мәнде түсініп, зерттеу жұмысымызға арқау еткендіктен дәйек-сөзді сол күйінде берейік: «*Дискурс* сегодня – сложное коммуникативное явление, включающее, кроме текста еще и экстралингвистические факторы (знание о мире, мнения, установки, цели адресата), необходимые для понимания текста» [1, 18]. Сонымен дискурсты *мәтін* ұғымымен барабар түсінуіміз дұрыс, тек автордың «*таным әлемін*» есепке алу қажет. Дискурс дәстүрлі, когнитивті, лингвомәдениеттану ғылымдарының зерттеу арқауы бола алады, бірақ әр ғылым өзінше жіктеп, өзінші бағалайды. *Дискурс* – тілдік тұлғаның қасиетін көрсететін тілдік факті. Дискурста тілдік тұлғаның мынадай ерекшеліктері байқалады: 1. Сөйленіс деңгейі. 2. Ұлттық таным деңгейі. 3. Сөз қорыту, түсінік, ұғыну, сезіну деңгейі. 4. Қоғамдық ойының сипаты. 5. Интеллект деңгейі.

*Дискурста «ғаламның тілдік бейнесі немесе дүниенің тілдік суреті»* деп те аталатын құрылым, жүйе, ой көрінеді. «*Ғаламның тілдік бейнесі*» күрделі ұғымдық құрылым болғандықтан, табиғатын ашып түсіндіруді әр зерттеуші өзіндік тұрғысынан шешеді. Қоршаған шындық болмыстың адам тілінде бейне құрап, адамның дүниені, әлемді көзі, тілі арқылы тани алатынын тұтас теория ретінде алғаш ұсынған неміс ғалымы Л. Вейсгербер болатын. «*Ғаламның тілдік бейнесін*» докторлық зерттеуіне арқау қылған Ислам Айбарша былай дейді: «*Дүниенің тілдік суреті* адамның танымдық іс-әрекеті, ұлттық мәдениеті негізінде түзіледі және белгілі бір ұлт қауымдастығының өкілдеріне ортақ. Демек, дүние суреті дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы».

*Ғаламның тілдік бейнесі* әр тілде әр түрлі болады. Себебі индивид сол тілдің семантикалық базасында тілді меңгереді. Осы кезде тілдегі мәдени құндылықтар сөздердің мәні арқылы ұлттық мінез бен ұлттық менталитетті қалыптастырады. Осы орайда тілші ғалым Г.Смағұлова былай дейді: «Тіл бір адамның меншігі емес десек те, сол тілде сөйлейтін жеке адам өз ұлтының бүкіл бітім болмысы, өмірлік тәжірибесін, дәстүрлерін меңгеру, сіңіру арқылы ол да аз тарапынан ұжымдық мәдениетке үлесін қосады. Осындай ерекшеліктер арқылы тұлға ретінде ұлт өкілі боп сақталады» Шоқан, Абай, Ыбырай, Ә. Нұрпейісов пен Ә. Кекілбаевтың тіліндегі *ғаламның тіл-*

дік бейнесінің ерекше болуы, яғни ұлттық нақышта ұлтжандылық концептілерінің келуі олардың өз ана тіліндегі барлық сөздердің мәнін түсініп, ұлттық таным позициясында шегеленуінде, сол деңгейде өсіп-өнуінде жатыр деп ойлаймыз.

Г.В. Колшанский *ғаламның тілдік бейнесіне* мынадай анықтама береді: «Шынайы, тілдік емес, әр түрлі топтағы адамдардың тарихи, жағрафиялық, мәдени және басқа да факторлар ықпалымен біртұтас объективті әлем шеңберінде жүзеге асқан танымдық қызметінің көрінісі». Демек, *ғаламның тілдік бейнесі* адам санасында өмір сүру тәжірибесіне қатысты қалыптасып, соның әсерінен тілінде өзгеріске түсіп, дамып отыратын ақпараттар жүйесі. Ә. Нұрпейісов пен Ә. Кекілбаевтың тіліндегі қазақ ұлтының кейпі олардың шығармаларындағы *ғаламның бейнесі* ретінде байқалады. Мұны, әрине, концептілік құрылымнан ерекше нақышта көруге болады. Әр заманның өзіндік *ғаламдық бейнесі* тілді қолданушыларға әсерін беріп, келесі дәуір көрінісінің баспалдағы болды. Ә. Нұрпейісов пен Ә. Кекілбаевтың тіліндегі «*ғаламның тілдік бейнесі*» – сол кездің заманында озық ойға құрылған ұмтылыстан тұратын концептілер мен ақын қиялының көрсеткіші. *Ғаламның тілдік бейнесі* адамда ғана көрінетін, оның тілдік ерекшелігінен байқалатын тілдік бірлік [1, 18, 23].

Ә. Нұрпейісов пен Ә. Кекілбаевтың тілдік тұлғасындағы өзекті когнитивті бірлік – біздің пайымдауымызша, «қазақ» концептісі. Қазақ туралы танымдық ақпарат өзім/өзге оппозициялық контекстінде бағалаушытық сипатта айқындала түседі. Өзім – бұл жерде қазақтың өзін-өзі бағалауы, өзге – қарсы жақ, қазақ үшін жат жұрт болып есептелетін жоңғар, қалмақ, орыс, т.б. Ә. Кекілбаевтың «Аңыздың ақыры» романында және Ә. Нұрпейісовтың «Соңғы парыз» романындағы қазақ концептісінің өзім/өзге контекстінде сипатталуын арнайы дискурс негізінде талдап көрсетеміз [5, 5].

Қазіргі қазақ прозасында еңбек еткен қаламгерлеріміздің бірі Ә. Нұрпейісов шығармаларында адам мен табиғат қарым-қатынасы мәселесі туралы ой қозғау, пікір білдіру басты мақсатымыздың бірі болып отыр.

Жазушы қаламынан ұзақ жылдарғы теңіз толғаныс, табанды ізденістен «Соңғы парыз» дүниеге келді. Кешегі кер замандағы Еламан, Тәңірберген, Ақбала кешкен сергелдең енді келіп, мына теңіз ортайып, көңіл көншіген шақта Жәдігер, Өзім, Бәкізат болып

қайта тірілді. «Дәп кешегінің қайта айналып соққан толқыны секілді. Бәз баяғы дұрыс жүріп, жөн сөз ұғып жүрдік дегеніміз бос сергелдең боп шықты. Өз-өзімізден түтіндей бықсып, көзге күйік, көңілге жүк боп жүр екенбіз. Жоқты бар қыламыз деп жүріп, бардың өзінен айырылыппыз. Жасадық дегеніміз – жасампаздық емес, жерге қарағандық болып шықты. Малданып жүргеніміз – махаббат емес, беті жылтыр ұрғашының қойын жылытуы екен. Әділетке жеттік дегеніміз – әлімжеттіктің әуресі ғана. Өзгеден қалған қаңсық – өзегімізді талдырған таңсық. Өзгеріп бара жатқан өзіміз бе, әлде өзегін бермейтін өмір ме? Баққа тойымсыздық, атаққа тойымсыздық, дәулетке тойымсыздық... бәріміздің желкемізден түспей дүние тіршілігін бір уыс қылып құсырып бара жатқан кеселге ұқсады.

«Бір-бірімізді аяқтан шалдық. Ғайбат сөйледік. Қанағат, мейірім азайып барады. Кеше екі бірдей дүниежүзілік соғыс ашып, дүниені уысымда ұстаймын деп астамшылық пен алауыздыққа тізгін берген батыстың киген таз кепешін енді біз киіп қалмасақ игі. Осы астамшылықтан, осы алаңғасарлықтан қазіргі көзі тірі жүргеніміздің бәрі – бірі – аз, бірі – көп, сауы жоқ», – дейді Жәдігер кейпкеріміз.

Өзім – жаңа заманның жаңа қазағы, күштарлықтың құлы. Жұрт алдына түсіп, жұрттан артықша болам деп жүріп досын алдайды, сүйген қызын опат қылады, ағайынтуысынан безеді, өзі шомылған Аралды саудаға салып, пайда көзіне айналдырады. Ақырында сергелдеңге түсіп, неғайбілге сіңеді, бар болып жүріп жоқтың тіршілігін кешеді. Көркем сөздің құдіреті деп осыны айтамыз! [7, 21, 152].

Көркем туындыларда табиғат суреттемелерінің алатын орны туралы зерттеуші Б. Майтанов: «Көркем туындыдағы пейзаждың функциясы үш түрлі арнаға саяды. Сюжеттік орайда ол – оқиғаның, уақыттың өлшемі. Композициялық тұрғыда ол көркемдік жолмен қабылданған әлемнің тұтастығын білдіреді. Шығармалардың идеялық-мазмұндық астарларына қарасты ол характерологиялық міндеттер атқарады» – деп пікір білдірген [1, 22]. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романының өзегінде жатқан адамгершілік мәселесін адам мен табиғаттың, сол қоғам адамдарының айналадағы табиғатқа қарым-қатынасы арқылы танытуға ниет еткені байқалады. Қаламгер қазіргі жаһандану заманында дүниедегі адам мен табиғаттың, адам мен адамның, адам мен қоғам-

ның арасындағы гармонияның жойылып бара жатқанынан хабардар еткен.

Ә. Нұрпейісов үшін Арал тағдыры – романдағы Жәдігер, сондай-ақ қарапайым еңбек адамдарының тағдыры. Тарихы, мұнмен жазылған шерлі шежіресі. Жәдігер де, Әзім де, Бәкизат та сол Арал трагедиясының бүгінгі куәгерлері. Олар – микроәлем. Ал, ұлы теңіздің макроәлемге айналуы яғни барша адамзат трагедиясына ұштасуы – макроәлемді сомдаған жазушы санасының нәтижесі. Микроәлем өкілдерінің ішіндегі Жәдігер, тағы басқа жеке-леген адамдар ғана макроәлем трагедиясын жете түсініп, сол деңгейге көтеріле алғандар. Қаламгер уақыт, сана, нақты жағдай категорияларына зерделілікпен үңіле алған. Жәдігер күрсінісі, жан әлеміндегі буырқаныс пен бұлқыныс, дүлей ашу – бәрі де автордың шеберлік, көркемдік тәсілдер іздеу тарапындағы көрсеткіштерге айнала алған [2, 28].

Авторлық ұстаным жалпыадамзаттық алапат жайттардан бастау алғанын ерекше айтқан жөн. Ал, қазақ қаламгерлерінің осынау жайттарды кескіндей отырып, өз романына арқау еткені оның азаматтық позициясынан, авторлық идея – ұстанымынан туындағанын айтқан абзал. Осы сипаттағы өзекті қоғамдық мәселелермен қатар барша адамзат баласын алаңдатқан, әлі де алаңдатып келе жатқан Арал мәселесіне қаламгерлердің назар аударуы мейлінше қажет еді. Қаламгер Ә. Нұрпейісовтің авторлық ұстанымының көрінетін тұсы да осы. Өз ұстанымын қаламгер адамзат үшін ең кеселді дерт, алапат зілзала-экологиялық зардаптарды шынайы шындықпен айтуы арқылы көрсете алған жазушы табиғат экологиясы мен адам жанының экологиясын домбыраның қос шегіндей байланыста ұстауға тырысады. Себебі, табиғат экологиясын бұзушы – адам. Ә. Нұрпейісовтің «Соңғы парыз» романы да Арал экологиясын жазушылық дүниетанымымен бейнелеген. Шығарманың элем, қазақ әдебиетіндегі соны сипаты да, поэтикалық қуаты да осы қасиеттерінде деп білеміз [2, 33].

Қазақ жазушысы Әбіш Кекілбаевтың «Мұнара немесе аңыздың ақыры» романындағы және өзге де прозалық шығармаларындағы алуан бейнелер болмысты өнер арқылы тікелей өзгертуге құлшынады. Жазушы Ә. Кекілбаев материалды дала өмірінен алады да, өз тәжірибесіне сүйене отырып, баллада түрінде өткір драмалық прозаға айналдырады.

Ә. Кекілбаев аңыз оқиғасын романда екі желі арқылы суреттейді. Оқиғаға әмірші мен қалың қауым қатысады. Әмірші халықты айла-амалмен алдайды. Егер оған халық көмегі қажет бола қалса, онда ол халық туғызған көптеген қауесеттердің қажеттісін таңдап алады немесе қандай да бір қолайлы өсектің пайда болуын күтеді де, соның аңдысын аңди қояды. Кез-келген істе оның өзіне керек деген аңызы дап-дайын тұрады. Әмірші қауесеттерді аңызға, аңызды қауесеттерге айналдыра біледі. Өзіне қажетті дегендерін сақтап, ал зиянды дегендерін үнемі жойып отырады. Бірақ ол халықты қулық-сұмдықпен езіп-жаншып, билігін жүргізіп отыру үшін ең алдымен жұрттың сыңайын біліп алады.

Өнер, өнердің табиғаты, өнердің құдіреті туралы пікірталастарға қосылған үлес ретінде Ә. Кекілбаев алуан аңыздардың шығуы жайлы сөз қозғайды және осынау аңыздардың туу оқиғасын өте күрделі процесс, және белгілі бір тарихи оқиғалардың куәсі ретінде көрсетеді.

Мәтіннің басты қызметі – коммуникация, яғни автор мен оқырман (реципиент) арасындағы коммуникативтілік байланысты қамтамасыз ету. Мәтіннің эстетикалық, эмотивтілік, танымдық, ақпараттық қызметі оның осы коммуникативтілігі аясында жүзеге асырылады. Зерттеушілердің көрсетуінше, мәтіннің коммуникациялық қызметі мәтіннің интенциясы (автордың бастапқы ойы), репрезентациясы (мәтіндегі оқиға, құбылыстың толық мазмұны), интерпретациясы (мәтін арқылы берілетін ой, идея) жан-жақты ашылып, оқырманына жеткенде ғана толық жүзеге асады. Ол үшін мәтін түсінілімі, мәтін қабылдануы, мәтіннің әсерлілігі ұғымдары басты рөл атқарады.

Антропологиялық және когнитивтік лингвистиканың аясында мәтін түсініліміне байланысты мәтіннің семантикалық кеңістігі деген мәселе бар. Бұндай кеңістікті виртуалды және актуалды деп екіге жіктеуге болады. Виртуалды семантикалық кеңістікте мәтіннің бастапқы пайда болуындағы автордың алғашқы ойы (замысль) көрінсе, актуалды семантикалық кеңістік дегеніміз – мәтіннің тыңдаушы арқылы қабылдану барысындағы мазмұны. Басқаша айтқанда, алғашқысы мәтіннің басталу кеңістігі болса, екіншісі мәтіннің аяқталу кеңістігі деп түсінеміз.

Мәтіннің семантикалық кеңістігі – менталды жасалым. Оның қалыптасуына, біріншіден, көркем шығарманың өзі, яғни автор қолданған тілдік таңбалар – сөздер, сөйлемдер,

күрделі синтаксистік құрылымдар (виртуалды кеңістік), екіншіден, оқырманның мәтінді қабылдау кезіндегі түсінілімі (оны мәтін семантикасының актуалды кеңістігі дейміз) негіз болады.

«Әр буын қаламгердің ортақ дүниетанымы, ортақ идеялық-көркемдік принциптері сол бір көзқарастағы аса үлкен дарын иесі тудырған дүниені нысана етіп қабылдауға мүмкіндік жасайды. Ал, өмірдегі таланттар мен талантты туындылардың молдығы әдеби дәстүр қазынасының байы түсуіне кепіл.

Ал Ә. Кекілбаев пен Ә. Нұрпейісовтың тілдік тұлғасының когнитивтік, прагматикалық деңгейін олар ұсынған көркем мәтіндерге концептуалдық талдау жасау негізінде зерттеу алдағы ізденістердің үлесінде болады.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Имашева Г. Міржакып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

2 Өшірбекова А. Қазақ романдарындағы адам мен табиғат байланысының көрінісі (1970-1980 ж.ж.): Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты.

3 Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: Наука, 1987. – 263 с.

4 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: «Ғылым», 1998. – 137 б.

5 Нұрпейісов Ә. Мені тұлғалар өсірді // Егеменді Қазақстан. 23 қаңтар, 2010 ж.

6 Кекілбаев Ә. Аңыздың ақыры. – А.: Жазушы, 2010. – 320 б.

7 Нұрпейісов Ә. Соңғы парыз. – А.: Жазушы, 1999. – 472 б.

### Резюме

*В настоящей статье дана характеристика понятия «Языковая картина мира» в произведениях А. Нурпейисова и А. Кекилбаева. Так как «Языковая картина мира» является сложной понятийной конструкцией, каждый исследователь решает вопрос проблемы раскрытия её природы со своей позиции. Языковая картина мира – языковая единица, присущая только человеку и проявляющаяся в речевой особенности человека.*

### Conclusion

*In the article the characteristic of the notion “linguistic picture of the world” in the works of A. Nurpeisov and A. Kekilbaev is given. As far as the linguistic picture of the world is the difficult conceptual framework every scientist interprets its character from his own position. The linguistic picture of the world is a language unit peculiar only to a human and is expressed only in the speech features of the person.*

## «КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ» ЖЫРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ (НЫСАНБАЙ ЖЫРАУ ДАСТАНЫ НЕГІЗІНДЕ)

Тулегенова Ш.И.

Қазақ халқының ұлт-азаттық күреске толы қилы тарихында өшпес із қалдырып, ерлік пен өрліктің жарқын үлгісі бола білген ұлы тұлғаларының бірі әрі бірегейі – Кенесары Қасымұлы. Атақты Абылай ханның текті ұрпағы Кенесары ханның жойқын да жарқын бейнесі халқымыздың тарихымен қатар сол тарихтың шын мағынасындағы ажырағысыз айнасы бола білген ұлттық әдебиетінде жан-жақты көрініс тапты.

Хан Кененің қазақ халқының әдеби мұрасындағы тарихи тұрғыдан суреттелуін қарастырған әдебиетші ғалым Есмағанбет Ысмайыловтың «XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ халқының ұлт азаттық жолындағы күрсетерінің ең іргелісі – Кенесары

Қасымұлы бастаған халық көтерілісі еді. Он жылға созылған (1837–1847) бұл көтеріліс қазақтың әлеуметтік тарихынан қандай зор орын алатын болса, ауыз әдебиеті тарихынан да ерекше орын алады» [1, 311] деген пікірі тарихи шындық тереңіне жетелеп, ауыз әдебиетіндегі асқақ тұлғасын тануға бағыт береді.

Кенесары Қасымұлы көсемдігіндегі азаттық жолында жан берісіп, жан алысқан көтерілістің ұлт өміріндегі тарихи маңызы сан ғасырлық ел өмірінің шежіресі болған әдеби мұрада терең суреттеліп, кейінгі кезеңдерге саф алтындай жарқырап жетті. Оны еркіндік пен азаттық жендеті болған патша цензурасы да, ой еркіндігін аяусыз жаншып отырған кеңестік саясат идеологиясының қысымы да ұлт